

1-бөлім

Раздел 1

Section 1

**Тарих.  
Жаңа  
білім беру  
әдіснамасы**

**История.  
Методология  
современного  
образования**

**History.  
Methodology  
of modern  
education**

ӘОЖ 37.078

<sup>1</sup>А.Ә. Булатбаева\*, <sup>2</sup>А.Н. Ерғалиева, <sup>3</sup>Қ. Есенманова

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, педагогика ғылымдарының докторы, жалпы және этникалық педагогика кафедрасының профессоры, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауыпсіздік Комитетінің Шекара академиясының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, жалпы және этникалық педагогика кафедрасының «Педагогика және психология» мамандығының магистранты, Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: a.bulatbaeva@yandex.ru

### **Білім беру жүйесіндегі сараптама субъектілері**

Қазіргі таңдағы қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістер мен жалпы экономиканың даму жағдайында білім беру жүйесі сараптамаға мұқтаж болуда. Мақалада білім беру саласындағы сараптамалық жұмыстың субъектілері, сарапшының рөлі мен орны және оның осы аумағындағы ұстанымдары қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер қазіргі кезде білім сапасын арттырудың маңызын өзектендіруде. Білім берудің сапасын арттыруда сараптама жүргізудің ең бірінші көрсеткіші білім алушылардың білім алуда қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс екендігі көрсетіледі. Мақалада осы мәселеге байланысты түрлі авторлар сарапшының орны мен рөлін, сараптама субъектілері мәселелерін көптеген методологиялық, кейде саяси ұстанымдар тұрғысынан анықтауға тырысады. Білім беру жүйесіндегі сараптама субъекті мәселесінде субъектік қатынастардың ерекшеліктерін айқындайды. Білім беру жүйесінде сарапшыға қойылатын талаптардың бірі зерттеу және тәжірибелік жұмысты жүргізуде зор тәжірибеге ие болу қажеттілігі мен сараптаманың нысандарын бағалауда қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдерді, соның ішінде инновациялық жобаларды пайдалану-сарапшылар жұмысының тиімділігі көрсетіледі.

Мақала авторлары сараптамалық жұмысты ұйымдастыру бойынша кейбір тұғырларды және білім берудегі сараптаманың кезеңдерін сипаттайды. Қорытынды ретінде олар сараптамалық үрдістегі субъективизімнен арылу жолдарын ұсынады.

**Түйін сөздер:** білім беру, жүйе, сараптама, сарапшы, сараптаманың субъектілері, сарапшының ұстанымдары, сараптаманың нысаны.

A. A. Bulatbayeva, A. N. Yergaliyeva, K. Esenamanova  
**The subjects of expertise in the education system**

At the present time due to changes in the socio-political situation in the society, development of the economy as a whole, the educational system is in need of expertise. In the given article are considered the subjects of the expert work in the area of education, the place and the role of the expert and his position in this area. Changes in the sphere of education in the time leading to the problem of increasing the quality of education. Indicator of the use of expertise in improving the quality of education is the need to satisfy the demands of обущающихся. The peculiarity of the application of expertise in scientific исследованиях is manifested in the purposes and tasks of the application. Expertise in the system of education is carried out by experts in

accordance with the established нормаммами and the standards of the examination. In General, the expert in the education system must comply with the mutual connection of the educational program and the subjects of expertise.

In the article these issues are devoted to the different opinions expressed by authors in the field of examination, on the question of determination of subjects of expertise and methodological aspects of this problem. In the work of the субъектв expertise in the field of education considers the features of the subjective attitude. One of the main requirements for experts in the education system is the necessity of mastering practice of research and experimental works. About the effectiveness of the work of the expert says the application of innovative projects and software products. One of the factors of implementation of the function of experts in the field of education is the willingness of experts to cooperate with the administration, teachers, students and their parents. This is on the one hand to raise versatile information, on the other hand willingness to look with confidence to the decisions and instructions of the expert group.

In addition, the authors раскрывают some approaches to the organization of the expert work, describe the main stages of expertise in education. In conclusion, offers suggestions for overcoming subjectivism in the expert process.

**Keywords:** education, system, expertise, expert, subjects of expertise, the position of the expert, the object of expertise.

А.А. Булатбаева, А.Н. Ергалиева, К. Есенаманова

#### Субъекты экспертизы в системе образования

В настоящее время в связи с изменениями социально-политического положения в обществе, развития экономики в целом образовательная система нуждается в экспертизе. В данной статье рассматриваются субъекты экспертной работы в сфере образования, место и роль эксперта и его позиции в этой области. Изменения в сфере образования в данное время приводят к актуальности повышения качества образования. Показателем применения экспертизы в повышении качества образования является необходимость удовлетворить запросы обучающихся. Особенность применения экспертизы в научных исследованиях проявляется в целях и задачах применения. Экспертиза в системе образования проводится экспертами в соответствии с установленными нормами и стандартами экспертизы. В общем эксперт в системе образования должен соблюдать взаимную связь образовательной программы и субъектов экспертизы.

В статье этому вопросу посвящаются различные мнения авторов в области экспертизы, по вопросу определения субъектов экспертизы и методологические аспекты освещаемой проблемы. В работе субъектов экспертизы в области образования рассматриваются особенности субъективного отношения. Одно из основных требований для экспертов в системе образования – это необходимость овладения практикой проведения исследований и экспериментальных работ. О повышении эффективности работы экспертов говорит применение инновационных проектов и программные продукции. Один из факторов реализации функции экспертов в области образования – это готовность экспертов сотрудничать с администрацией, преподавателями, учащимися и их родителями. Это, с одной стороны, готовность собрать всестороннюю информацию, с другой стороны, готовность смотреть с доверием на решения и указания экспертной группы.

Кроме того, авторы раскрывают некоторые подходы к организации экспертной работы, описывают основные этапы экспертизы в образовании. В заключении предлагаются предложения по преодолению субъективизма в экспертном процессе.

**Ключевые слова:** образование, система, экспертиза, эксперт, субъекты экспертизы, позиция эксперта, объект экспертизы.

#### Кіріспе

Қазақстан қоғамы өміріндегі демократизациялау үдерісі білім беру жүйесіндегі өзгерістерді талап етеді, ал ол өз кезегінде адамдардың жоғары қажеттіліктерін қанағаттандырып, оларды өзгерте отырып білім беру жүйесінің

жаңаруына ықпал етеді. Өмірдің сапасы ең бірінші тұлғаның білімділік сапасымен анықталады. Білім берудің сапасы және оның тиімділігі – білім берудің өзекті мәселелерінің бірі. Білім берудің сапасын анықтауда сараптама жүргізу тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда білім жүйесіндегі сараптама мәселесінің маңызы артып келеді. Педагогикалық тәжірибенің әртүрлілігі білім саласындағы болып жатқан үдерістердің, білім жүйесі мен педагогикалық қызметтің нәтижелігін талдауды талап етеді. Сараптама дегеніміз – әртүрлі салалардағы арнайы таным, білім мен білік талап ететін қандай да бір мәселеге зерттеу жүргізу. Сараптаманың ғылыми-зерттеуден айырмашылығы, ол құбылыстарды емес, болып кеткен жағдайды және оның себептерін анықтау мақсатында жүргізіледі. Білім жүйесіндегі сараптама, сарапшылар тарапынан жасалынатын педагогикалық жүйелердің белгіленген нормалар мен стандарттарға сәйкес келу деңгейін зерттеуді меңзейді. Жалпы алғанда, білім беру жүйесіндегі сарапшы білім беру бағдарламасындағы өзара байланысты сақтайды және білім беру қызметінің барлық субъектілерінің сабақтастық байланыстарын ескереді.

#### **Білім беру жүйесіндегі сарапшылардың орны мен рөлі**

Осыған байланысты түрлі авторлар сарапшының орны мен рөлін, сараптама субъектілері мәселелерін көптеген методологиялық, кейде саяси ұстанымдар тұрғысынан анықтауға тырысады. Мәселен, Б.Н. Пойзнер мен Э.А. Соснин сарапшы жұмысының мазмұны мен қызметін синергетика мәтінінде талдау негізінде мынадай қорытынды шығарады: сараптамаға білім беру тәжірибесінің дамуының құралы ретінде қарап, сарапшының «орны»- білім беру жүйесі бастан кешіріп отырған бифуркацияның (бифуркация *латынша «bifurcus»* – екі жүзділік деген мағынаны білдіріп, түрлі объектілердің тәуелді көрсеткіштері өзгерген кезде, әр алуан сапалы қайта құрулар мен метаморфозаны айқындау үшін қолданылады) дағдарыстық нүктесінде екендігін байқамауға болмайды [1]. Осы жерде сарапшының белсенділігі мен қабылдағыштығы арқасында, жүйенің кейінгі кездегі баламалы жолдардың қай түрімен дамуын меңгеруге болады. Сондықтан да қазіргі жаһандану заманында білім жүйесінің түрлі өзгерістерге және толықтыруларға ие болуы, білім беру саласын сараптамадан өткізуді талап етеді.

Білім беру жүйесіндегі сарапшының орны мен рөлі зор, әрі келешекте аталмыш саланың дамуына сараптамалық зерттеулер өзіндік

әсерін тигізуі мүмкін. Сарапшының белгілі бір ұйым және жобаладағы алатын орны мен рөліне тоқталатын болсақ, сырттан айтылған көзқарасты білдіреді. Алайда көп жағдайда гуманитарлық құраушыға бағытталған білім берудегі сараптама, аталмыш көріністі біршама өзгертті. Соған қарамастан, сарапшының кәсіби ұстанымының мағыналық мазмұны өзгеріссіз қалды. Осылайша, әртүрлі елдердегі кәсіби сараптамалық ассоциациялардың мүшелері, тіптен білім беру саласындағы сарапшының тиімді ұйымдардың сыртқы агент болуына көңіл бөледі. Олар ақиқаттан қашпай, нақты тенденцияларды, қорытындыны ескеруге тырысады.

Ю.В. Громыко сарапшының арнайы ұстанымын және оның қоғамдағы білімнің миссиясын, аймақтың әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуына, білім берудің дамуының ішкі және сыртқы әлеуметтік-мәдени жағдайларының өзгерісіне ықпалын нақтылайды [2].

Атақты әлеуметтанушы Н.Е. Покровский сарапшының ұстанымын саяси-экономикалық ұстанымдар тұрғысынан қарастырады. Н.Е. Покровский өз зерттеулерінде: «Қазіргі әлемде бейімделу стратегиясы немесе «екі жақты ойын» ұсынылатынын айтады». Сарапшылар ірі бизнес пен мемлекеттік құрылымдардың ережелері бойынша ойнап, олардың сұраныстарын жақтау керек. Алайда корпорациялар мен үкімет қаржыландыратын зерттеулердің түбінде, сарапшылар ғылыми қағидаларға сүйеніп, тапсырыс берушіге емес, ғылымға керекті жұмысты жүргізуді жалғастырады [3]. Н.Е. Покровскийдің сарапшы ұстанымына қатысты пікірлерін саралай келе, ол сарапшының тапсырыс берушінің мүддесін емес, ғылымға қажетті жұмыс жүргізуіне ерекше мән беретіндігін анықтадық.

Сараптаманың негізін және басқа зерттеу жұмыстары түрлерінен айырмашылығын қарастырсақ, көптеген авторлар тапсырыс беруші мен сарапшы арасындағы ұстанымдарының міндетті түрде бөлінуі туралы қорытындыға келетіндігін байқадық. Осы орайда, С.Л. Братченконың ойын айта кеткен жөн. Оның пікірі бойынша, шешім қабылдайтын тұлға мен сарапшы әртүрлі адамдар болуы тиіс. Сарапшыдан ешкім іс-қимыл мен шешім күтпеуі керек. Сараптама – сұраққа жауап қайтару үдерісі. Ең қиыны, сұрақтардың субъектілерін анықтау болып табылады [4]. Осылайша, сарап-

тама жағдайында бір-бірінен тәуелсіз, міндетті белгілеудің негізі болып табылатын тапсырыс беруші мен сұрақтарға жауап қайтарушы сарапшы ерекшеленеді. Ғалымның тұжырымдамасы бойынша, сарапшының жұмысын атқару барысындағы тапсырыс берушіден тәуелсіздігі, әрі шешімді қабылдағанда объективтілік, субъективтілік және шынайылықтың болуы.

Бұл мәселе бойынша В.И. Слободчиковте өз пікірін айтып өтті. Ол әрбір әлеуметтік қауымдастық өздерінің мүдделері мен іс-қимылдарының субъектілері ұстанымынан мынадай қорытындыға келеді:

– әрбір әлеуметтік топ өзінің мүдделерін ескере отырып, сараптамаға тапсырыс беруге құқылы;

– әрбір сараптама тапсырыс берушімен міндетті түрде жобаланбайтын, негізгі мақсаты мен құндылықтарына ие болады;

– сараптама жоғары деңгейдегі төзімділікті қажет етеді, себебі көп жағдайда сарапшының жұмысы тапсырыс берушінің мүдделерінің қорғалу көрінісімен сәйкес келмей жатады;

– сараптаманың нысаны түрлі болуы мүмкін: білім беруді құру, оқу бағдарламалары мен методикалары, даму бағдарламалары, конкурстар және т.б.



Сурет – Сараптаманың субъектілері

Білім беру жүйесіндегі сараптама субъекті мәселесінде субъектілік қатынастардың сызбасы, тапсырыс беруші мен орындаушының өзара іс-әрекетімен шектелмейді. Онда міндетті түрде үшінші жақ – сарапталатын тарап болады. Әдетте, сарапталатын тарап, сараптамалық қызметтің нысаны ретінде қарастырылады. Алайда білім саласында көбіне гуманитарлық сараптама туралы айтылатындықтан, талдаудың нысаны белгілі бір жағдайда оның субъектісіне айналады. Шын мәнісінде, сараптамалық қызметтің субъектілік ұстанымдары физикалық немесе заңды бір тұлғада сәйкестенуі ықтимал. Жоғарыда айтылып кеткендей, көп жағдайда сараптамаға тапсырыс беруші сарапталатын субъектіге айналады және сараптаманың атқарушысы болуы мүмкін. Мұндай ұстанымдардың өзара бітісуінің күрделі жүйесі, сараптаманы жүзеге асыру барысында, әсіресе оның гуманитарлық аспектісінде белгілі бір қиыншылықтарға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Білім беру саласында сараптамалық қызметтің жүзеге асырылуының басты факторына әкімшіліктің, оқытушылар, оқушылар мен ата-аналардың сараптамалық топ мамандарымен конструктивті ынтымақтастыққа дайын болуы жатады. Бір жағынан, қажетті ақпаратты жинауға жан-жақты ықпал етуге дайын болу. Екінші жағынан, сараптамалық топтың шешімдері мен

нұсқаулықтарына көңіл салып, сеніммен қарауға деген әзірлік.

Сараптамалық қызметтің субъектілерін зерттеу бойынша ауқымды жұмыстар сарапшының кәсіби және жеке сипаттамасына арналған. Аталмыш қызығушылық, сарапшы-мамандарға сұраныстың артуымен және осындай мамандандырылған кәсібилерді дайындайтын институционалды құрылымның болмауымен түсіндіріледі. Сарапшының негізгі сипаттамасын белгілеу үшін, зерттеу авторлары сараптамалық жұмыстың түрі мен деңгейі бойынша түрлі классификацияларды келтіреді. Мысалы, Н.Г. Алексеев сараптамалық қызметтің негізгі екі бағытын көрсетеді: пәндік бағыт-сарапталатын инновациялық саладағы тәжірибесі бар маман; қызметтік бағыт қызметтің талдаулық тәжірибесіне, инновациялық жұмыстың құралдары мен мақсаттарын анықтауға қабілетті маман [6].

Н.Г. Алексеев басқа авторларға қосылып, сараптамалық жұмыстың үш деңгейін бөліп көрсетеді: бағалаушылық, кеңес берушілік; алынған мазмұнды пайдалану бойынша, қимылдардың стратегиялық басқарылуы мен келісілуі [6, 59 б.] .

Осы екі ұстанымнан, білім беру саласындағы сараптаманы жүргізуге, сонымен қатар қазіргі таңдағы білім жүйелерін жо-

балау мен ұйымдастыруға дайын маманның бейнесі қалыптасады. Сөзсіз мұндай маман философиялық, әлеуметтік, басқарушылық, педагогикалық, психологиялық білім мен технологияларды синтездейтін, сәйкес методологияға ие болуға міндетті.

Білім беру жүйесіндегі сараптамадағы негізгі жайт білім берудегі баланың, оқытушының, басқарушының, ғалымның санасы мен тұлғасының өзгеруіне байланысты, білім беру тәжірибесінің антропологиялық өлшемі өзгеруде. Осындай өзгерістерді сезу үшін сарапшы тұлғалық даму мен сана-сезімнің өсуі үдерісіне қосылуы тиіс. Кері жағдайда, сарапшы орын алып жатқан өзгерістерге сезімсіз қалады. Сонымен қатар сарапшының кәсіптік деңгейіне қойылатын талаптар жоғары болады. Белгілі бір саладағы нақты адамды сарапшы ретінде анықтауға мүмкіндік беретін төрт белгі бар: кәсіптік деңгейінің мерзімі, кәсіби қызметінің күрделілік деңгейі, кәсіби қызметінің көпқырлылығы, кәсіби қызметінің жетістігі.

Негізінен, сарапшының кәсіби біліктілік саласы нақты сұрақ қойылып отырған саладан болуы міндетті емес, ең бастысы оның тәжірибесі сараптаманың міндетін орындауда құндылыққа ие болуы тиіс. Зерделеу барысында байқағанымыз, соңғы кездері білімнің көлемі мен құрылымының өзгеруінің екпіні соншалықты, тіптен қарапайым адамға қол жетімсіз болып отыр. Сондықтан да сарапшы тек мамандық иесі ғана болмай, кәсіби зиялы болуы абзал. Яғни жобалардың мүмкін болар салдарларын кең көлемде болжай алатын қабілетке ие болуы қажет.

Сарапшыға қойылатын талаптардың бірі – олар зерттеу және тәжірибелік жұмысты жүргізуде зор тәжірибеге ие болуы қажет. Сараптаманың нысандарын бағалауда қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдерді, соның ішінде инновациялық жобаларды пайдалану-сарапшылар жұмысының тиімділігін айтарлықтай көтереді. Кәсіби тәсіл, тәуелсіздік, қатаң халықаралық стандарттарға сәйкес келу сараптамалық бағалардың жоғары сапасының кепілі болып табылады.

Осы салаға өз үлесін қосқан ғалымдардың бірі – Д.А. Иванов. Ол сарапшының позициясын анықтайтын төмендегідей құнды құраушыларды атап өтті:

– сарапшы педагогикалық ұжымның ниеті, мақсаты мен міндеті бағытындағы позитивтік өзгерістерді қамтамасыз ету;

– сараптамамен белгіленген жүзеге асулардың өзгеруі жағдайында қолдауды қамтамасыздандыру;

– бақылаушы қызметті нормаларға сәйкес бағаламай және өзінше түсіндірмей, жағдайды анықталмаған ретінде қабылдау;

– педагогикалық ұжымды өздерінің жеке қызметін сараптаудың жүзеге асырылу үдерісіне қосу. Мәселен, нәтижелердің барысы туралы хабарлау және сараптаманы ұйымдастыру мәселелерін талқылау;

– педагогикалық ұжым мүшелеріне өзінің сараптамалық қызметі мен шешімдерінің негізін хабарлау [7].

Сараптаманың тым субъективтілігі, бірінші жақтан сарапшылардың өзіне тиімсіз. Осы үдерістің қиыншылықтарын жеңудің басты құралы сарапшының креативтілігі.

### **Қорытынды**

Сонымен, ойымызды түйіндей отырып, келесідей қорытындылар жасауға болады:

– біріншіден, білім беру жүйесіндегі сараптама субъектілерінің мәселелері сараптама зерттеуінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады;

– екіншіден, сараптама мәселелерінің субъектілерін қарастырғанда, көптеген авторлар сарапшы мен тапсырыс берушінің арасындағы қарым-қатынастарға, сарапшының жеке кәсіби дағдыларына, ұстанымдарына баса назар аударады;

– үшіншіден, сараптама субъектілері мен оларға қатысты түрлі мәселелер, сараптамалық үдеріс барысында басты рөлге ие болып, сараптаманың қорытындысының нәтижелілігін айқындайды.

Ғалымдар сарапшының ұстанымдарын саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени факторлар тұрғысынан түсіндіреді. Сараптама барысында сарапшы мен тапсырыс беруші ғана емес, тағы бір субъект-сарапталатын тарап белгілі болады. Ол талдау жұмысының нысаны ретінде де алынуы мүмкін. Сондай-ақ сарапшының кәсіби біліктілігін анықтағанда, оның кәсіби деңгейінің мерзімі, кәсіби қызметінің жетістігі, күрделілігі мен көпқырлылығы ескеріледі.

Сонымен, білім беру жүйесіндегі сараптама субъектілері жан-жаққа бағытталған, сарапшы мен тапсырыс беруші арасындағы қатынастарды, сараптама үдерісін қамтитын негізгі айқындаушы элемент болып табылады. Сараптама субъектілерінен зор біліктілік, төзімділік пен өзінің ісіне деген үлкен жауапкершілік талап етіледі. Себебі қазіргі заманғы күнделікті тоқтаусыз өзгеріс пен алға жылжу үдерісінде, білім беру жүйесін құрайтын негізгі бөлшектер, сараптамалық жұмысты қажет етеді. Сәйкесінше,

сапалы сараптаманың нәтижесін- сараптама субъектілері қамтамасыздандырады. Барлығына ортақ білім стандарттары арқылы осы мақсат жүзеге асырылады.

Кез келген қоғамдағы ілгерілеу, сол қоғамды құрайтын субъектілерге тікелей тәуелді. Білім жүйесі де бұл қағидадан алшақ емес. Сараптамалық субъектілер, осы саланың келешектегі рөлін және маңыздылығын айқындап қана қоймай, мемлекеттік деңгейдегі білім беру жүйесіне ықпал тигізеді.

### Әдебиет

- 1 Пойзнер Б.Н., Соснин Э.А. Экспертиза образовательной системы как стимул метасистемного перехода в ней // Экспертиза инновационных процессов в образовании. Подходы к проблеме экспертизы в образовании. Кн. // Под ред. Г.Н. Прозументовой, С.Г. Баронене. – Томск, 1999. – С.33-46.
- 2 Громыко Ю.В. Проектирование и программирование развития образования. – М.: Московская акад. развития образования, 1996. – 545 с.
- 3 Организация профессиональной и общественной экспертизы программ развития и образовательных программ учреждений общего образования: учебно методический комплект. – М., 2007. <http://www.gouo.ru/inform/metod3/text04.pdf>
- 4 Братченко С. Л. Введение в гуманитарную экспертизу образования (Психологические аспекты). – М.: Смысл, Первое издание 1999. – 137 с.
- 5 Слободчиков В.И. Проблема обеспечения инновационной деятельности в образовании (Концептуальные основания). – М., – 2003.
- 6 Алексеев Н.Г. Принципы и критерии экспертизы программ развития образования // Вопросы методологии. – 1994. – № 1–2. – С. 59-68.
- 7 Иванов Д.А. Общественно-государственная экспертиза экспериментальных площадок и инноваций в образовании. – М., 1997.

### Reference

- 1 Poizner B.N., Sosnin E.A. Expertise of the educational system as an incentive metasystems transition in it// Expertise of innovation processes in the municipalities. Approaches to the problem of expertise in education. The book edited by G.N. Prozumentovova, S.G. Baronene. – Tomsk, 1999. – P. 33-46.
- 2 Gromyko. Yu.V. Design and programming of development of education. – M., Moscow academy development of education, 1996. – 545 p.
- 3 Organization of professional and public expertise of development programs and educational programs of General education institutions. Study and methodological complete. – M., 2007. <http://www.gouo.ru/inform/metod3/text04.pdf>
- 4 Bratchenko S.L. Introduction to humanitarian expertise of education (Psychological aspects). – M., First edition, 1999. – 137 p.
- 5 Slobodchikov V.I. The problem of providing for innovation activities in education (Conceptual framework): Scientific publication. – M., 2003.
- 6 Alekseev N.G. Principles and criteria of expertise of the programs of development of education // Methodological issues. – 1994. – № 1-2. – P. 59-68.
- 7 Ivanov D.A. Socially-state expertise of the experimental sites and innovation in education. – M., 1997.